



Автор: ТУРСЫНБЕКОВА ЛЯЙЛА РАУШАНБЕКОВНА

Пән: Қазақ әдебиеті

Сынып: 8-сынып

Бөлім: Махаббат және абырой

Тақырып: Д. Исабеков «Әпке» драмасы. Шығарманың композициялық құрылымы (5-сабақ)

| | |
|---|--|
| Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу): | 8.2.2.1 А/И1 Композицияны тұтастан бөлшекке, бөлшектен тұтасқа қарай талдау |
| Сабақтың мақсаты: | - Шығарманың жанрын, эпилог, прологтарын анықтайды, композициясын тұтастан бөлшекке, бөлшектен тұтасқа қарай талдайды. |
| Тілдік мақсаттар: | Драма, ремарка, монолог, диалог, перифраз, ирония, сатира |
| Күтілетін нәтиже: | Композицияны тұтастан бөлшекке, бөлшектен тұтасқа қарай талдайды |
| Бағалау критерийлері: | - Мазмұны бойынша сюжеттік жоспар жасайды, эпилог, прологын анықтайды; - Композициясына талдау жасайды |
| Құндылықтарды дарыту: | Отбасы, бауырмалдық |
| АКТ-ны қолдану дағдылары: | https://www.youtube.com/watch?v=Mlvcij4ScJM |
| Пәнаралық байланыс: | Сахна өнері, театр |
| Бастапқы білім: | Шығармадағы көркемдегіш құралдардың (перифраз, ирония, сатира, эллипсис, гротеск) қолданысын талдау |

Сабақ барысы

| Сабақ кезеңдері | Жоспарланған іс-әрекет | Ресурстар |
|----------------------------|---|-----------|
| Сабақтың басы (5 минут) | Амандасу, сыныптың сабаққа дайындығын қадағалау. Оқушылардың назарын сабаққа аударып, оқу мақсаттарынан сабақтың мақсатын шығарады. Зейінді шоғырландыру және білімді өз беттерімен алуға түрткі жасау: - Сіздің әпкеңіз бар ма? Ол кім? Шығармадағы көркемдегіш құралдардың (перифраз, ирония, сатира, эллипсис, гротеск) қолданысын талдау. > Мұғалімнің түсіндіруі, толықтыруы. Драмалық шығармаларда баяндау болмайды. Оқиға, яғни тартыс желісі репликалар (кейіпкер сөзі) арқылы дамиды. | |
| Сабақтың ортасы (27 минут) | Дамыту тапсырмалары. Практикалық жұмыстар. №1 тапсырма. ЖСЖ. Нұсқаулық. > Берілген пьесаны 0:02.05-11.48 жерге дейінгі үзіндісін көреді; > Оқушылар драма үзіндісінен кейіпкерлердің іс- әрекеттерін анықтайды №2 тапсырма. Топтық жұмыс. Оқуды жетілдіретін формативті тапсырмалар. I топ: Драмалық шығарманың эпилогы мен прологын анықтайды, шығармадан мысал келтіреді; Шығарманың композициялық жоспарын құрыңыз. | |
| Сабақтың соңы (5 минут) | Кері байланыс. "Аяқталмаған сөйлем» тәсілі «Мұғалімге жеделхат» тақтасына оқушылар стикер жапсыру арқылы орындалады. Бүгін сабақта қуантқаны..... Мен өзімді.....үшін мақтар едім. Маған ерекше ұнағаны..... Сабақтан соң маған.....келді. 38 – қызықты да түсінікті 36,6 – қызықсыз, күрделі 34 – пайдасыз, құнды емес. | |

| Сабақкезеңдері | Жоспарланған іс-әрекет | Ресурстар |
|------------------------|------------------------|-----------|
| Рефлексия (3 минут) | "Көңіл-күй" термометрі | |